



201 ____ жылығы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ г.

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2019 жылғы 15 мамырдағы № ДЗ-85

Құрметті депутаттар!

Сүт бағытындағы ешкі шаруашылығын дамытуға қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Әлемдік тәжірибені ескере отырып, жануарларды (ешкілерді) сатып алу үшін бөлінетін субсидиялардың нормативін қайта қарауға қатысты

Ешкі шаруашылығы саласы республикада жаңадан даму үстінде, алайда оның дамуының болашағы зор және балалар тағамдарын өндіру мен оларды нарықта сату мәселелері бойынша кешенді шара қабылдауды талап етеді.

Қазіргі уақытта еліміздегі ешкі малының саны 2,3 млн. басты құрайды, оның ішінде жеке шаруашылықтың үлесі 71%-ды (1,6 млн. бас) құрайды. 2018 жылы шаруашылықтың барлық санаттары бойынша ешкі сүтін өндіру 1398 тоннаны құрады, оның 74%-ы жеке шаруашылықтардың үлесіне тиесілі және негізінен өз қажеттілігіне тұтыну үшін пайдаланылады.

Өнеркәсіптік өңдеуге арналған шикізат ретіндегі ешкі сүтіне сұранысты тек мамандандырылған шаруашылықтар ғана қанағаттандыра алады, бұларда ешкілерді ұстау және өсіру кезінде өнеркәсіптік технологиялар пайдаланылады. Бүгінгі күні республикада ешкі сүтін өңдейтін тиісті жабдықтары бар 3 заманауи өнеркәсіптік ферма жұмыс істейді:

1) Ақмола облысында «Зеренді» асыл тұқымды шаруашылығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС), жалпы мал басы 1200 ешкі. 2018 жылы кәсіпорын 59 тонна ешкі сүтін өндіріп, өңдеді. Ағымдағы жылдың қаңтар – сәуір айларында сүт өндіру 45 тоннаны құрады. Мемлекеттік қолдау аясында кәсіпорынға 126,6 млн. теңге субсидия төленді;

2) Түркістан облысында «Асыл-тұқымды шаруашылық. Ордабасы ешкі сүт өнімдері» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (бұдан әрі – АШӨК), жалпы

мал басы 1080 ешкі. 2018 жылы кәсіпорын 220 тонна ешкі сүтін өндірді. Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында сүт өндіру 150 тоннаны құрады;

3) Атырау облысында «Сарайшық» ЖШС, жалпы мал басы 321 ешкі. Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында сүт өндірісі 2 тоннаны құрады. Мемлекеттік қолдау аясында кәсіпорынға 6,5 млн. теңге субсидия төленді.

Айта кету керек, жоғарыда көрсетілген мамандандырылған шаруашылықтар өндірілген өнімдерін негізінен ішкі нарыққа өткізуде.

Ешкі өсірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (бұдан әрі – АШТӨ) мемлекеттік қолдау мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) шеңберінде асыл тұқымды ешкілердің аналық мал басын сатып алуды субсидиялау көзделген, онда субсидия нормативі әр басына 40 000 теңгені құрайды.

Субсидиялау аймақтардың жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылады. 2018 жылы жергілікті атқарушы органдар АШТӨ тарапынан асыл тұқымды ешкілердің аналық басын сатып алуға субсидия алуға өтінімдердің болмауына байланысты, бюджеттен қаражат бөлмеді.

2019 жылы асыл тұқымды ешкілердің аналық басын сатып алуға 40,0 млн. теңге қаралған.

Ешкі шаруашылығын дамытудың маңыздылығын ескере отырып, Ауыл шаруашылығы министрлігі асыл тұқымды ешкілердің аналық басын субсидиялау нормативтерін қайта қарауды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ ешкі шаруашылығы саласын қаржыландыру «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – Корпорация).

Корпорация мынадай кредиттік бағдарламаларды іске асырады:

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаты есебінен инвестициялық жобаларға кредит беру» жылдық 6% сыйақы мөлшерлемесі бойынша, кредит беру мерзімі 12 жылға дейін, негізгі қарызды өтеу бойынша жеңілдік кезеңі – 2 жылға дейін. Бұл ретте, жоба қуаты 200 және одан да көп ешкілердің аналық басының жаңа сүт-тауар фермасын құруды, қолданыстағыларын кеңейтуді/жаңғыртуды көздеуі тиіс. Қарыз алушыларды қаржыландыру арналары: тікелей, кредиттік серіктестіктер, екінші деңгейдегі банктер, лизингтік компаниялар арқылы қаржыландыру.

Осылайша, 2017 – 2018 жылдар аралығында Корпорация 2 жобаны қаржыландырды:

- «Асыл-тұқымды шаруашылық. Ордабасы сүт өнімдері» АШӨК Түркістан облысында 500 басқа арналған ешкі сүт-тауар фермасын құруға, қуаттылығы жылына 540 тонна сүт;

- «Зеренді» асыл тұқымды шаруашылығы ЖШС Ақмола облысында 1500 басқа арналған сүтті бағыттағы асыл тұқымды ешкі шаруашылығын құруға, қуаты жылына 7034 тонна сүт.

2. «Агробизнес» бағдарламасы бойынша малдың сүтті тұқымдарын өсіруге, сүтті өндеуге, негізгі құралдарды сатып алуға, айналым қаражатын толықтыруға 8%-

дан 16%-ға дейін сыйақы мөлшерлемесі бойынша кредит беріледі, кредит беру мерзімі 10 жылға дейінгі мерзімді құрайды.

Асыл тұқымды шаруашылықтарды, ешкі сүті мен өңдеу өнімдерін, оның ішінде ірімшік өндірісін өндірушілерді қолдауға ауыл шаруашылығы саласында үстеме мен гранттарды бөлуге қатысты

Ешкі сүтін өңдеу технологиясы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жетілдірілуде (2018 – 2020 жылдарға бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру). Айталық, «Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС «Ешкі сүтін қайта өңдеу. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тамақтандыру үшін ешкі сүтінен алынған пробиотикалық ақуыз өнімінің технологиясын әзірлеу» тақырыбында ғылыми зерттеулерді жүзеге асырып жатыр.

Зерттеулер нәтижесінде әртүрлі жастағы топқа, оның ішінде балаға арналған ешкі сүтін өңдеу және оның негізінде өнім жасаудың бағыты, ерекшелігі және технологиялық тәсілі бойынша әдеби шолу әзірленетін болады.

«Зеренді» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС Қазақстанның азық-түлік академиясымен (бұдан әрі – Академия) бірлесіп ешкі сүтінен жаңа рецептуралар мен жаңа өнімдерді әзірлеуді жүргізуде. Жүргізген зерттеулердің аралық нәтижесі бойынша Академия ешкі сүтін еліміздің халқын сауықтыру үшін профилактикалық және сауықтыру мақсаттарында қолдануды ұсынады.

Ешкі сүтін өндіру саласында логистиканы дамыту бойынша шараларды қабылдауға қатысты

Сүт өндіру саласындағы логистиканы дамыту мақсатында агроөнеркәсіп саласының субъектілеріне инвестициялық салым кезіндегі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу жолымен мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушының 2019 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) шеңберінде «Сүт өңдеу кәсіпорындары және дайындау ұйымдарының сүт тасуы үшін көлік құралын сатып алу» жобасының паспорты қаралған. Аталған жоба паспорты бойынша инвесторға көлік құралын сатып алғаны үшін шығынның 25% қайтарылады. Субсидияларды есептеу үшін көлік құралының ең жоғары рұқсат етілетін бағасы, көлік құралы цистернасының көлеміне байланысты 8,0 млн. теңгеден 32 млн. теңгеге дейін құрайды.

Одан басқа, отандық тауарлардың өнімдерін экспортқа шығару үшін кәсіпорыннан шекараға дейін көлік шығындарын субсидиялау бағдарламасы іске қосылды. Бұл мақсаттарға 30 млрд. теңге қаралған.

Ауыл шаруашылығының осы саласына техникалық және кәсіби, жоғарғы білімді кадрлар даярлауға қатысты

Ешкі шаруашылығы мен ешкі сүтін өңдеу технологиясына оқытуға қатысты айта кететін жағдай, еліміздің аграрлық университеттерінде ешкі шаруашылығы бойынша мамандандыру қарастырылмаған (ірі қара мал шаруашылығы, қой шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, құс шаруашылығы үлгісінде), алайда «ешкі шаруашылығы» пәні қарастырылып, осы жерде бір семестр шеңберінде ешкі

шаруашылығын жүргізуді, бағуды, ешкілердің селекциясын, тұқымдарын оқытады, сондай-ақ ешкі сүтін өндіру мен қайта өңдеуді үйретеді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 199 қаулысы) ауыл шаруашылығы және ветеринария мамандықтары бойынша кадрлар даярлауға 2019 жылы – 2 765 грант және 2020 жылы – 2 720 грант қарастырылған.

2018 жылы 2018 – 2019 оқу жылдарына қосымша 20 мың грант бөлінді және техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша барлық жоғары оқу орындарында білім беру гранттарының құны ұлттық жоғары оқу орындарында гранттар деңгейіне дейін 346,6 мың теңгеден 635,8 мың теңгеге дейін артты, бұл Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында жаңа экономикада талап етілетін мыңнан астам мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы және ветеринарлық мамандықтар үшін бөлінетін мемлекеттік грант санының жыл сайынғы өсуін атап өту қажет. Соңғы төрт жылда бакалавриат деңгейі бойынша мемлекеттік грант көлемі 529 бірлікке, магистратура деңгейі бойынша 236 бірлікке, докторантура деңгейі бойынша 132 бірлікке ұлғайды.

Осылайша, білім беру гранттарының жоғары өсуі талапкерлерге мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында мемлекет ұсынатын негізгі шаралардың бірі болып табылады.

Ж. Қасымбек

